

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 1100 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне көзделген штат санының бекітілген лимиті шегінде мынадай:

1) «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Астана қаласы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Астана қаласы Алматы ауданы тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» ;

2) «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Астана қаласы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Астана қаласы Есіл ауданы тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» ;

3) «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Астана қаласы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Астана қаласы Сарыарқа ауданы тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» мемлекеттік мекемелері құрылсын.

2. Мекемелерді қаржыландыру 2015 – 2017 жылдарға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне көзделген қаражат есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) мекемелердің ережелерін бекітсін және олардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

4. «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2014 ж., № 59-60, 555-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитетінің аумақтық органдары – мемлекеттік мекемелерінің тізбесі:

мынадай мазмұндағы 223-1, 223-2, 223-3-жолдармен толықтырылсын:

«223-1. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Астана қаласы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Астана қаласы Алматы ауданы тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы.

223-2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Астана қаласы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Астана қаласы Есіл ауданы тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы.

223-3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті Астана қаласы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаментінің Астана қаласы Сарыарқа ауданы тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы.».

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К.Мәсімов*